



## «РАҚЫМШЫЛЫҚТЫ САЯСИ ҚҰРАЛҒА АЙНАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ»

– Қоғамда сот жүйесіне қатысты пікір сан алуан. Сауалнамаларда сотқа деген сенімнің артып келе жатқаны көрсетілсе де, оған күмәнмен қарайтындар көп. Депутат ретінде соттың ашықтығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай заңнамалық өзгерістер қажет деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, мәселе заңда емес. Конституциядан бастап, судьялардың мәртебесіне арналған профильдік заңдарымызда да, процесстік заңдарымызда да соттарға тәуелсіз жұмыс істеуге толық мүмкіндік берілген. Негізгі проблема – сот жүйесінің ішкі құрылымында, судьяларды іріктеу мен мансаптық өсу тетіктерінде жатыр. Бізге ең әуелі сот корпусын ішкі тәуелділіктен арылтып, судьялардың кәсіби және моральдық деңгейіне басымдық беретін ашық жүйе қажет. Мысалы, судьяларды тағайындау мен олардың қызметін бағалау кезінде қоғамдық бақылау элементтерін енгізу, шешімдердің барынша ашық жариялануын қамтамасыз ету маңызды. Бұл қоғамның сенімін арттырады.

– Сізді жұртшылық құқық қорғаушы ретінде жақсы біледі. Енді депутат ретінде адвокаттардың, құқық қорғаушылардың кәсіби қызметін қорғау бағытында қандай бастама көтеруді жоспарлап отырсыз?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы жолдауында: «Азаматтардың құқықтарын қорғай отырып, адвокаттардың құқықтарын да ұмытпауымыз керек. Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет, сондай-ақ адвокаттар жұмысына кедергі келтіретін заңсыз іс-әрекеттерге жол берілмеуі тиіс», – деп нақты атап өтті. Көршілес Өзбекстанда адвокатураның қызметіне кепілдік Конституцияда бекітілген. Бізде ондайға барудың қажеті жоқ шығар, бірақ қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодекс пен Адвокатура туралы заңға өзгерістер енгізіп, адвокаттардың тәуелсіздігін күшейту, олардың қызметіне кедергі келтірген жағдайларда жауапкершілікті қатаңдату кезек күттірмейді.

### БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІНЕ АЙНАЛМАҚ



Еліміздің экономикасы мен даму стратегиясы тұтастай жасанды интеллект жүйесімен тығыз байланысты болмақ. Бұл жөнінде кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың дәстүрлі жолдауында белгілі болды.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

### ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Шымкент қаласында Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен кинологиялық қызмет орталығы мамандарының күшімен үздіксіз рейд жүргізіп келеді.

Ғасыр дертіне айналған есірткінің бұғана-сы қатпаған жастардың тағдырын күл-талқан етіп, тұтас адамзат баласы үшін аса үлкен қатер төндіріп келе жатқаны шындық. Онымен күрес – уақыт талабы ғана емес, ұлт болашағы үшін күрес. Жақында «Құқықтық тәртіп» және «Қарасора-2025» республикалық жедел-профилактикалық іс-шаралары аясында шымкенттік полицейлер қалаға синтетикалық есірткі жеткізудің ірі арнасын әшкерелеген еді.

Жедел іс-шара кезінде Алматы қаласының тұрғыны ұсталып, оның көлігінен екі келіден астам ұлы зат тәркіленді. Сондай-ақ, жергілікті тұрғынның үйінен 200 граммнан астам психотроптық зат табылды. Қазіргі таңда күдіктілер қамауға алынып, қылмыстық іс қозғалды.

Бұл – полицияның қырағылығының ғана

емес, есірткіге қарсы мемлекеттік саясаттың нақты жемісі. «Құқық бұзу – қасіретке апарар жол» екені тағы бір мәрте дәлелденіп аса ауыр қылмысқа барғандар заңға сәйкес жауапқа тартылды.

Миллионнан астам тұрғыны бар мегаполис қалада қатаң тәртіптің сақталуы – халық амандығының басты кепілі. Осы орайда Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің бастама-сымен қолға алынған «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы қыркүйектің алғашқы күнінен Шымкентте де бастау алды.

Бұл маңызды шара барысында полицейлер әрбір көпқабатты үйдің пәтерін, әрбір аула мен жеке үйлерді түгелдей аралап, тұрғындармен тікелей байланыс орнатуды қолға алған. Әңгіме барысында құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, есепте тұрған тұлғалар тексерілді. Заңсыз сақталған қару-жарақ

анықталды, көші-қон ережелерінің сақталуы қадағаланды.

«Учаске» – жай ғана рейд емес, ол полиция мен халық арасындағы алтын көпір. Тәртіп сақшыларының әр үйдің есігін қағуы – әрбір шаңырақтың амандығына алаңдауының нақты айғағы, – дейді Шымкент қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Құқықтық мемлекет болудың басты шарты – жас ұрпақтың заңға адалдығы. Осы бағытта Шымкент қалалық прокуратурасы, қалалық Білім басқармасы және шаһардың жастар ресурстық орталығы бірлесіп «Прокурорлық сағат» жобасын ұйымдастырған. Жаңа оқу жылы қарсаңында ұйымдастырылған бұл бастамада 290 мектеп қамтылып, оқушылар құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстық ортаға ілінбеу жолдары жайлы тың мәлімет алды. №145 «Келешек» мектебінде офлайн форматта өткен дәріс басқа мектептерде Zoom платформасы арқылы тікелей көрсетілді.

Бұл шаралар кезінде оқушылар пікір біл-

діріп, замандастарын заңсыз әрекеттерден аулақ болуға шақырды. Арнайы бейнероликтер көрсетіліп, TikTok-тағы «iDos» аккаунты арқылы жасырын хабарлаудың жолдары түсіндірілді.

– Болашақ ұрпақтың әлеуметтік желілер арқылы өз замандастарын салауатты өмір салтын ұстанып, заңсыз әрекет пен құқық бұзушылықтардан аулақ болуға шақыруы үлкен нәтиже берері сөзсіз. Бұл бастама тұрақты түрде жалғасып, жастардың құқықтық санасын көтеруге септігін тигізбек, – дейді Шымкент қаласы прокуратурасының өкілі Бекжан Құлатаев.

Бүгінгі қоғам үшін ең қымбат қазына – бейбіт өмір мен қоғамдық тәртіп. Оны қамтамасыз ету – полиция мен прокуратураның ғана емес, бүкіл халықтың ортақ міндеті. Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар – соның жарқын дәлелі.


Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

2-бет



Жаңа өзгерістер қолданысқа енгізілді

6-бет



«Бал кластерін құруды» қайта жаңғыртатын кез келді

8-бет




Қасапшының көз жасы...

**САРАП**

# ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

2025 жылғы 10 қаңтарда «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Бұл заң еліміздегі құқықтық тәртіпті күшейтуге, әкімшілік жауапкершілік жүйесін жетілдіруге бағытталған. Жаңа заңның басты мақсаты – құқық бұзушылыққа қарсы тиімді тетіктер қалыптастыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сонымен қатар заңнамадағы олқылықтарды толықтыру.



Қоғамдық жұмыстарды – орындау ережелері: қоғамдық жұмыс санымен емес, нақты сағатпен есептеледі. Күніне 1 сағаттан кем емес, 4 сағаттан аспайтын мөлшерде жүргізілуі міндетті. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқу орындарында оқымайтын адамдар қоғамдық жұмыстарды күніне кемінде бір сағат және сегіз сағат көлемінде, бірақ ап-

дау үшін жергілікті атқарушы органның шақыруы бойынша дәлелсіз себептермен келмеген; қоғамдық жұмыстарды орындауға кірісуден бас тартқан; ұйымға қоғамдық жұмыстарды орындау мерзімі ішінде екі реттен артық дәлелсіз себептермен келмеген; қоғамдық жұмыстарды орындауға келіп, қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңінде Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық куәландырумен расталған алкогольдік, есіртілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болған және жүрген; Қазақстан шегінен тысқары жерлерге дәлелсіз себептермен кеткен адам қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтарған адам деп танылады.

Құқық бұзушының сырқаттанып қалуы және оны қоғамдық жұмыстарды орындау үшін уақытылы келу мүмкіндігінен айыратын, құжатпен расталған басқа да мән-жайлар оның қоғамдық жұмыстарды орындау үшін белгіленген мерзімде келмеуінің дәлелді себептері деп танылады.

Адамды қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысы заңды

толтырады; құқық бұзушыға қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібі мен шарттарын түсіндіреді; сот қаулысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарына оның орындауға қабылданғаны туралы хабарлама жібереді; сот қаулысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде ұйымға қоғамдық жұмыстарды орындау үшін адам жіберілетіні туралы хабарлама жібереді; қоғамдық жұмыстарды орындау графигі мен кезеңділігін жасайды; құқық бұзушының қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтару фактісі анықталған кезден бастап дереу ішкі істер органдарын хабардар етеді; адамды қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысы орындаған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде сотқа хабарлама жібереді. Ішкі істер органдары осы баптың төртінші бөлігінің б) тармақшасында көрсетілген хабарлама түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламаны қарайды және осы кодексте белгіленген тәртіппен шаралар қабылдайды.

Ұйымның да міндеті жауапты. Ұйымдар орындалған жұмыстардың актілерін жасайды, жұмыс істеген сағаттар табелін жүргізеді; қоғамдық жұмыстардың орындалуы туралы есепті тоқсан сайын жергілікті атқарушы органдарға ұсынады. Қоғамдық жұмыстар түрінде әкімшілік жаза қолданылған адам: қоғамдық жұмыстарды орындаудың осы кодексте белгіленген шарттары мен тәртібін сақтауға; жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстарды орындауға; тұрғылықты жерінің өзгергені туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті. Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығына адамның қоғамдық жұмыстар орнына бару мен кері қайту уақыты кірмейді.

Талқылап отырған заң өзгерістері жоғарыда көрсетілгендей кезең-кезеңімен енеді, ал қоғамдық жұмысқа қатысты өзгеріс 2025 жылғы 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді. Қоғамдық жұмысқа тарту жазасының қолданылуы сот қарастыратын істердің көбеюіне алып келеді.

**А.БИСЕНАЛИНА,**  
**Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

Кодекстің жекелеген баптарына да толықтырулар енгізілді. Жаңа өзгерістер қоғамдағы тәртіп бұзушылықтарға жауапкершілікті күшейтуге және алдын алу шараларын нақтылауға бағытталған. Заң нормалары кезең-кезеңімен 2025 жылдың қаңтарынан бастап 2027 жылға дейін қолданысқа енгізіледі. Бұл өзгерістер әкімшілік құқық бұзушылықтардың санын азайтуға; құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіруге; азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Жаңа толықтырулар құқықтық тәртіпті нығайтып, әрбір азаматтың заң алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Заңдағы ең басты өзгеріс – жаза түрі толықтарылды, жазаның жаңа түрі – қоғамдық жұмыс енгізілді. Ол негізгі жаза ретінде жеке тұлғаларға қатысты олардың келісімі болған кезде қолданылады.

Қоғамдық жұмыс түріндегі жаза кодекстің 73-бабының 1, 2 бөлімдеріне (Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер), 434-бабының 1, 2-бөлімдеріне (Ұсақ бұзақылық), 434-2-бабына (Ортақ пайдаланылатын орындар-

ды ластау), 438-бабының 2-бөліміне (Арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру), 440-бабының 3-бөліміне (Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу), 443-бабының 2-бөліміне (Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау), 449-бабының 2-бөліміне (Қоғамдық орындарда тиісу), 598-бабының 2-бөліміне (Арнайы жарық және дыбыс сигналдары іске қосылған жедел және арнайы қызметтер көлік құралының жүруіне басымдық бермеу), 615-бабының 4-бөліміне (Жаяу жүргіншілердің және жол жүрісіне өзге де қатысушылардың жол жүрісі қағидаларын бұзу), 653-бабына (Сотты құрметтемеушілік), 669-бабының 1-бөліміне (Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау) енгізілген.

*Жаңа өзгерістер қоғамдағы тәртіп бұзушылықтарға жауапкершілікті күшейтуге және алдын алу шараларын нақтылауға бағытталған. Заң нормалары кезең-кезеңімен 2025 жылдың қаңтарынан бастап 2027 жылға дейін қолданысқа енгізіледі. Бұл өзгерістер әкімшілік құқық бұзушылықтардың санын азайтуға; құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіруге; азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Жаңа толықтырулар құқықтық тәртіпті нығайтып, әрбір азаматтың заң алдындағы жауапкершілігін арттырады.*

тасына қырық сағаттан асырмай орындайды.

Қоғамдық жұмыстар – тұрғылықты жеріндегі қоғамдық орындарда, жергілікті атқарушы органдардың ұйымдастыруымен жүргізіледі. Сондай-ақ жұмыс түрлеріне арнайы біліктілік талап етілмейді, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстарды орындаудан тұрады.

Жазалау мерзімі: қоғамдық жұмыстар мерзімі – 10 сағаттан 100 сағатқа дейін, бірақ барлығы 4 айдан аспауы керек.

Соттың қоғамдық жұмыстарды тағайындау туралы қаулысын орын-

күшіне енгеннен кейін орындалуы тиіс. Қоғамдық жұмыстарға тарту туралы заңды күшіне енген сот қаулысын сот әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның тұрғылықты жеріндегі жергілікті атқарушы органға орындау үшін жібереді. Соған сәйкес, қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Жергілікті атқарушы органдар – сот қаулысы түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде құқық бұзушыны шақырып, оның жеке деректерін

**ГЕНДЕР**

Қазіргі заманда гендерлік әділеттік тек әлеуметтік мәселелер шеңберінде ғана қарастырылмайды. Бұл – құқықтық мемлекет құрудың негізгі қағидаларының бірі. Заң алдындағы теңдік, жынысына қарамастан құқық пен бостандықты тең дәрежеде қорғау – әділетті қоғамның тірегі.

Гендерлік әділеттік – әйелдер мен ерлердің заң алдындағы теңдігі, әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктерінің тең дәрежеде қамтамасыз етілуі. Қазақстан Конституциясының 14-бабына сәйкес, ешкім жынысына, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына байланысты кемсітілмейді тиіс. Сонымен қатар, 2009 жылдан бері «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң қол-

## АЗАМАТТАРДЫ КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

даныста. Бұл құжат елімізде гендерлік саясаттың құқықтық негізін айқындайды. Алайда, заң жүзінде құқықтар тең болғанымен, күнделікті өмірдегі жағдай сәл күрделірек.

Халықаралық қоғамдастық гендерлік теңдік саласындағы рейтингтерді үнемі қадағалап отырады. Мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тепе-тең құқықтарға, пайдаға, міндеттер мен мүмкіндіктерге қол жеткізуі, жыныс белгісі бойынша кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ерлер мен әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында нақты жетістіктерге жетті. Қазақ елінің адам құқықтары

бойынша көптеген халықаралық шарттарға қосылуының өзі гендерлік саясатты бұдан әрі дұрыс жүргізудің алғышарты деуге болады.

Гендерлік теңсіздік тек жеке тұлғаға ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына кері әсер етеді. Бұл – еңбек өнімділігінің төмендеуі, отбасылық қатынастардың әлсіреуі, кәмететке толмағандардың қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін. Қоғамда әділеттілік орнауы үшін ең алдымен жынысына емес, адам ретіндегі қадіріне қарап баға беруіміз қажет. Тек сонда ғана біз шын мәніндегі құқықтық мемлекет бола аламыз.

**А.ИМАНБЕКОВА,**  
**Мұғалжар аудандық соты әкімшісінің бастығы**  
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

**ЖЕГІҚҰРТ**

## ЖЕМҚОРЛЫҚ ДАМУҒА КЕДЕРГІ



Сыбайлас жемқорлық – Қазақстанның дамуы мен ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін басты мәселенің бірі. Бұл көріністер қоғамның сенімін, мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендетеді. Сондықтан да Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен күресті басты мемлекеттік басымдық ретінде жариялап, бұл бағытта нақты стратегия мен құрылымдық өзгерістерді іске қосуда.

Осы мақсатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, оны жүзеге асыруға арналған іс-қимыл жоспары қабылданды. Тұжырымдаманың басты міндеті – сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, парасаттылықты арттыру, жауапкершілікті қамтамасыз ету, азаматтық қоғамның белсенділігін күшейту және мониторингті жетілдіру болып табылады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі түрде жалғасуда. Президенттің тапсырмалары мен жолдаулары негізінде нақты заңнамалық өзгерістер, мемлекеттік басқаруды жоғалық тәсілмен реформалау, дербес орган құрылымы мен азаматтық қоғамды тарту іс жүзінде жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен, халықаралық индекс көрсеткіштері бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де жалғасуы қажеттігін дәлелдейді.

**А.МЕДЕЕВА,**  
**Жетісу облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы**

**БАҒДАР**

## ӨЗ ТІЛІНДІ ҚҰРМЕТТЕ!

Қазіргі заманда мемлекеттік тілді білуге, қастерлеуге талап күнде жоғарылап келеді. Мемлекеттік қызметкерлер ана тілінде сөйлеп, ана тілінде сауатты жаза білуге, өзге ұлт өкілдеріне үлгі-өнеге көрсетуге тиіс.

Мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу деңгейін көтеру бойынша 2022 жылғы 23 желтоқсанда өткен «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның қарарында жергілікті соттарға мемлекеттік тілде сот ісін жүргізудің бағыт-бағдары берілген болатын. Осы ауқымды жұмысты

құқық қорғау, адвокатура, нотариаттармен, заң консультанттары және мемлекеттік органдармен бірлесіп атқару жолдары көрсетілген.

Әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан, сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында



аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысу керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен мұра.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарында қолданы-

лады. Қазір іс-қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар, сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Тіл туралы заңнамалардың қағаз жүзінде қалмай, нақты атқарылған жұмыстардың бұл бір парасы. Мұндай пәрменді іс-шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді.

**Г.БЕККАЛИЕВА,**  
**Орал қаласы № 2 соты әкімшісінің бас маманы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІНЕ АЙНАЛМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Президенті бұл бағдарламалық құжатта айқындап берген міндеттердің дені жасанды интеллект мен цифрландыруға бағытталды. Мұны ол экономиканы дамытудың ең тиімді әрі заманауи жолы екендігімен тұжырымдады. Қуатты экономика жаңа технологияның арқасында ғана мүмкін болмақ. Бұл бүгінгі заман сұранысы. Бүкіл әлем экономикасы осы жолмен кетіп барады. Әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде Қазақстан да бұл үрдістен қалмай, оның игіліктерін өміріміздің барлық саласына пайдалану керек. Бұл сонымен қатар экономиканы кері кетіретін жемқорлықтың алдын алудың үлкен мүмкіндігі. Оған жағдай туғызатын адамдық факторды мейлінше азайтады.

Мұның сыртында жасанды интеллектің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын бұзғынша өзгертуге. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады.

Сондықтан Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық елге айналуы керек. Бұл жұмыс мектептен басталады. Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында ауылдағы білім сапасын арттыру үшін жасанды интеллект негізінде қашықтан оқытуды енгізетін жаңа үлгідегі мектептердің ашылатынын мәлімдеді. Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеу қажеттігін атап көрсетті. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларға сапалы білім алуға жол ашады. Сонымен бірге елде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жалғасып жатыр. Бүгінде жоспарланған 217 мектептің 150-і пайдалануға берілген, қалғаны алдағы үш айда ашылады. Мемлекет басшысының айтуынша, балаларды дамыту орталықтарын жеке инвестициялар есебінен салу тәжірибесін барлық өңірге тарату қажет. Кәсіпкерлердің басым бөлігі бұл бастаманы қолдауға дайын.

## Жаңа кодексті қабылданып, жаңа министрлік құрылады

Мемлекет басшысы Цифрлық кодекс тез арада қабылдануы керектігін айтты. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиістігін тапсырды.

Басты мақсат жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесін сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек. Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылуы керек. Мемлекет басшысы жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керектігін мәлімдеді.

## Алатау қаласы – іскерлік және инновациялық орталық болады

Президенттің айтуынша, қарқынды өсіп келе жатқан көптеген мемлекетте даму көшіні басында жүретін қалалар инвестициялар мен технологияларды өзіне тартатын полюске айналған. Бізде бұл рөлді Алатау қаласы атқарып, еліміздің



жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс.

«Жақында Қытайға барған сапарымда әлемнің жетекші компанияларымен құны миллиардтаған қаржы тұратын келісімдер жасалды. Шэньчжэнь жаһандық технополисін салуға қатысқан сондай компанияның бірі енді Alatau City жобасын жүзеге асыруға тікелей атсалысады. Сондықтан келесі қадам – Alatau City-дің мықты институционалдық негіздерін қалыптастыру. Қаланы ел Үкіметіне тікелей бағынатындай етіп, оған арнайы мәртебе беру туралы жарлықты он күн ішінде әзірлеу керек. Бұдан соң жарты жылдан асырмай, жеке заң қабылдау қажет. Құжатта қаланы басқару режимі, оның қаржылық моделі және басқа да маңызды мәселелер қамтылуға тиіс. Арнайы құқықтық мәртебе – қалаға берілетін артықшылық емес, жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті шара немесе құрал екенін айта кеткен жөн. Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айналуға тиіс. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек. Бұл қала Қазақстанның келешектегі келбетін танытпақ. Онда технологиялық өрлеуге және өмір сүруге барынша қолайлы жағдай үйлесім табуы қажет», – деді Президент.

## «Заңды күрделендіре бермеу керек»

Мемлекет басшысының міндеттеген тапсырмаларының бірі экономиканың негізі – жеке кәсіпкерлікке қатысты болды. Бұл ретте Президент заңдардың барынша түсінікті әрі қолданысқа ыңғайлы болуын тапсырды. Осыған орай Тоқаев «Заңды күрделендіре бермеу керек. Қайта оны кәсіпкерлердің қажетіне қарай бейімдеп, министрлер мен әкімдердің нақты нәтиже үшін жеке жауапкершілігін күшейткен жөн. Мемлекеттік органдар бизнес өкілдеріне ескерту жасаудың орнына әлі күнге дейін тым қатаң әкімшілік шешімдер қабылдайды деген мәлімет маған да жетіп жатады. Мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды. Міндетті талаптар тізімі бизнесті шектен тыс тексерістерден қорғайтын маңызды құралдың бірі болуға тиіс. Қолданыстағы нормалардың Кәсіпкерлік кодекске сәйкестігін қосымша тексеріп, тізімді тезірек қолданысқа енгізу қажет», – деп мәлімдеді. Президенттің айтуынша, шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл жаман көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс

сапасын жақсартуға тым серпін бере алмаймыз. Екі миллионнан астам шағын бизнес субъектісінің ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлер саны алты пайызға да жетпейтіні жасырын емес. Орта бизнесте бұл көрсеткіш жоғарырақ болғанымен, бәрібір көңіл көншітпейді.

«Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» жарлыққа қол қойылды. Бұл құжат бизнестің мүддесін ескере отырып, барынша ашық реттеу үлгісіне көшуге негіз болды. Бірақ бұл құжаттағы талаптар толық орындалмай отыр. Іскер азаматтардың әлеуетін толық ашу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан тиісті құқықтық базаны жаңғырту керек. Қазір елімізде 21 кодекс, 300-ден астам заң бар. Оларға тым көп түзету енгізілген. Кейбір нормалар бір-біріне қайшы келіп жатады. Түптеп келгенде, осының бәрі бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр.

Сондықтан заңнаманы түгел тексеріп, зерделеп шыққан жөн.

## Ядролық энергетиканы дамытуға бет бұрудың маңызы зор

Мемлекет басшысы өз жолдауында атом электр құрылысына қатысты өз ұстанымын білдіріп, үкіметке нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысының айтуынша, екінші, тіпті үшінші атом электр станциясының құрылысын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек. Бұл орайда Президент: «Қазір біз қуат көздерін жан-жақты жаңғыртып жатырмыз. Шетел инвесторларының қатысуымен ауқымды жобалар жүзеге асуда. Мысалы, алдағы бес жылда қуаты 6,3 ГВт болатын «жасыл» энергия нысандарын іске қосу жоспарланған. Бұл қадам еліміздегі жасыл энергияның үлесін едәуір арттырады», – деп мәлімдеді. Бірақ Қазақстанның түпкі мақсаты – қуат көздерін өзгерту емес. Бұл – ең алдымен еліміздің энергия жүйесінің нақты мүмкіндігі мен мемлекетіміздің ұзақмерзімді мүдделеріне негізделген тұрақты даму жолы. Сондықтан ядролық энергетиканы дамытуға бет бұруымыздың мән-маңызы айрықша. Бір ай бұрын Алматы облысында Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясына қатысты жоба «Росатоммен» бірге жүзеге асырыла бастады. Бірақ экономиканы тұрақты дамыту үшін бұл жеткіліксіз. Жақында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен өткен кездесуде елдеріміздің атом саласындағы стратегиялық серіктестігі туралы уағдаластыққа қол жеткіздік. Қазақстан әлемдік компаниялардың бәрімен өзара тиімді байланыс жасауға дайын. Бұл ұстаным еліміздің энергетикалық дербестігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатына сай келеді.

Қазақстанның сапалы көмір қоры орасан. Сондықтан оның табиғатты ластамайтынына кепілдік беретін озық технологияларды қолдана отырып, көмір энергетикасын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Өзіміздің табиғи артықшылықтарымызды ел игілігіне дұрыс пайдалана білу керек.

## Бір палаталы Парламент құрылады

Бұл жолдаудың басты жаңалығы қоғам тарапынан жиі көтеріліп келе жатқан парламенттік реформаға қатысты болды. Мемлекет басшысы Парламенттің жоғары палатасын тарату туралы бастама көтерді. Президент өткен 30 жылда жоғары палатаның өзіне жүктелген аса маңызды тарихи миссияны абыроймен атқарып шыққанын, жоғары өкілді билік тармағына қатысты реформаны бұған дейінгі барлық өзгерістің, соның ішінде Президент билігіне қатысты өзгерістердің заңды жалғасы болатынын мәлімдей келе:

– Менің жылдың басында «Ана тілі» газетіне ауқымды сұхбат бергенімді білесіздер. Онда «Реформа – ұдайы жүретін үдеріс, қоғамда нақты сұраныс болса, жаңа реформалар әзірленеді» деп айттым. Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені әлкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын, – деді.

Мемлекет басшысының айтуынша, Сенат 1995 жылы елімізде күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте Парламенттің жоғары палатасы ретінде құрылды. Ол кезде Қазақстан мемлекеттігіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған еді. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді. Бір палаталы Парламент құру үшін 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізілуі ұсынылды. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн. Бұл тұрғыдағы ойын Президент:

– Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді. Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент сайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуы-

на уақыты болады. Депутаттарымыз нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп ойлаймын, – деп түйді.

Мемлекет басшысының атап өтуінше, саяси реформалардың бәрі еліміздің біртұтас институционалды жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады.

## Әрбір азаматтың, әрбір баланың өмірі қымбат

Мемлекет басшысы назар аударған мәселенің бірі – халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін тағы бір түйткіл – жол қауіпсіздігіне қатысты болды. Президент бұл бағытта біраз шаруа жасалып жатқанын, соған қарамастан көлік апаттары азаймай тұрғанын қынжыла ортаға салды. Президенттің айтуынша, жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиға-сы тіркелген. Шын мәнінде, көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындар аз емес. Әрбір адам өз өміріне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты екенін сезінуге тиіс. Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет. Бұл ретте электросамокаттар мәселесіне де назар аударған жөн.

– Бұл тақырып қоғамда қызу талқыланып жатыр. Екі жыл бұрын жаяу жүргіншілер жолымен жүруге шектеу қоятын заңнамалық өзгерістер енгізілді. Бірақ қоғамдық орындардағы ахуал өзгере қойған жоқ, әлі де азаматтарға қауіп-қатер төніп тұр. Қазір бұл саланы реттейтін заңға қабылдау керек. Әрбір азаматтың, әрбір баланың өмірі қымбат. Бұл мәселеде ұсақ-түйек деген болмайды. Түптеп келгенде, мұның әрқайсысы – Қауіпсіз Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадамдар, – деді Мемлекет басшысы.

## Инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе

Жолдауда ерекше назар аударылған мәселенің бірі – инвестиция. Мемлекет басшысы оған тапсырыс өндірістің сұранысына сай жасалуы керектігіне тоқталды. Президент бұл орайда еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыраңқы, қағазбастылық көп, түрлі адамдардың құзыреттері қайталанатынын сынға алды. Оның айтуынша, қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту кезек күттірмейтін мәселе. Бізге жаңа ұстаным керек. Қалай болса да, инвестиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей Премьер-министрге жүктеледі. Жаңа министрлік құрудың қажеті жоқ. Бірақ, көзге оттай басылатын нәрсе – елімізде бірде-бір мекеменің атауында инвестиция деген сөз жоқ. Инвестиция тіпті жетім бала сияқты үш-төрт мекемеге ортақ мәселе болып, өз жолын таппай жүр. Сондықтан Премьер-министр 10 күн ішінде нақты ұсыныс беруге тиіс. Осы жайлы айта келіп, Мемлекет басшысы Үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын мейлінше қысқа мерзім ішінде әзірлеуді міндеттеді.

Инвесторларға ұсынылатын салық жеңілдіктерін мұқият ойластырып, байыппен қолдану қажеттігі де міндеттелді. Мемлекет басшысы бұл орайда ел экономикасы үшін маңызды, пайдасы бар жобаларға басымдық берілуге тиістігін мәлімдеді. Жалпы, инвестициялық келісім жасау тәсілі өз тиімділігін көрсетті. Біз Ұлттық қордың тұрақты даму құралы ретіндегі рөлін қайта қарауымыз керек. Қорды қосымша инвестиция көзі ретінде қолдану үшін ел ішінде болашағы зор және нарықтағы әлеуеті жоғары болатын жобаларға қаржы бөлуге болады. Президенттің айтуынша, ең бастысы, қаражатты мұқият ойластырып, жұмсау керек. Бұл іске қажетті болса сапалы сараптама жасай алатын халықаралық деңгейдегі басқарушылар мен инвесторларды тартқан жөн. Тоқетерін айтқанда, жолдауда әдеттегідей халық шаруашылығының барлық саласы қамтылып, олардың даму бағыттары айқындалды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

**БЕЗБЕН**

Қымыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі қымыстық заң шеңберінде кінәлі адамға заңды және әділ жаза тағайындаудың жеке критерийі.

# ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА – АДАМНЫҢ ӨМІРІ

Егер жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігіне енгізілетін болса, онда қоғам тарапынан аталған іс-әрекеттерді қауіпті деп тануға негіз бар.

Қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің зиян келтіру қауіптілігін анықтау үшін оларды сапасы және сандық сипаттылығына бөліп қарастыруға болады.

Қауіпті іс-әрекеттердің зиян келтіру қауіптілігі мен сипатын анықтау үшін қылмыстық заң оларды қол сұғушылық объектілері бойынша жіктеді.

Сонымен қатар, қауіпті іс-әрекеттердің зиян келтіру қауіптілігін анықтау үшін Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінде қарастырылмаған қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына кіретін қылмыстық құдалау шеңберіне түсетін тұлғаға қатысты жеке-дара мәліметтерді сипаттайтын мағлұматты мұқият зерделеуді қажет етеді.

Яғни, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және аталған кодекстің жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалу қажет.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі, сотталушының жеке басы, оның ішінде қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталғанның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына әсері ескеріледі.

Қылмыстың уақыты, орны, оның қандай жағдайда жасалғаны, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесін анықтауға көмектеседі, жазаны саралау құралы болып табылады, яғни нақты қылмыс құрамының саралау белгілерін анықтайды.

Сот үкім шығару кезінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді. Аталған мән-жайлар екі түрлі мағынаны білдіреді, біріншісі жасалған қылмысқа тікелей қатысы жоқтығы және қылмысты саралауға ықпалын тигізбейді. Олар тек жазаны тағайындайтын кезінде ғана ескеріледі.

Екіншісі, ол Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігіндегі нақты баптың диспозициясында көрсетілген іс-әрекеттер, осы себеппен олар қылмыстың дәрежелену белгілеріне жатқызылып, кінәлі адамның жасаған іс-әрекеттерінің дәрежелену белгілеріне қатысып жазаны тағайындаған кезінде қайта қолданылмайды.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекске сәйкес, жаза тағайындау кезінде ескерілуге жататын жеңілдететін мән-жайлардың тізімі заң нормаларымен шектелмеген, ал жазаны ауырлататын мән-жайлардың тізімі Қылмыстық кодексте көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмаймыз.

Заңды әрі объективті жазаны тағайындау кезінде сот ұсынылған қылмыстық іс бойынша зерделенуге жататын дәлелдемелердің негізінде әрбір құқық бұзушылық үшін бөлек

жаза тағайындайды, яғни кінәлі адаммен жасалған заңға қайшы іс-әрекеттердің сипаты мен қоғамға қауіптілігін көрсетіп уәжді сот актілерін шығару арқылы қол жеткізеді.

Осы санатта тараптарға жоғары тұрған сотта сот үкіміне шағымдануға мүмкіндік беретін сот шешімдеріне шағымданудың құқықтық тетіктерін кеңейту мүмкіндігін атап өткен жөн.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процесстік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 21 қарашадағы заңына сәйкес Қылмыстық-процестік кодекстің 40-тарауы 310-1-бабымен толықтырылған, ол 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Аталған өзгерістерге сәйкес, кассациялық сот бірінші сатыдағы соттардың үкімдері, қаулылары апелляциялық сатыда қаралғаннан кейін оларды қайта қарау туралы кассациялық шағымдарды, апелляциялық сатыдағы соттардың үкімдерін, қаулыларын, бірінші сатыдағы соттың үкімдері мен қаулыларына олардың апелляциялық сатыда қайта қаралғанына не қаралмағанына қарамастан, апелляциялық сатыдағы үкімдер мен қаулыларға ҚР Бас Прокуроры мен оның орынбасарларының, бас әскери прокурордың, бас көлік прокурорының наразылықтарын қарайды.

Сондай-ақ Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша, кассациялық сот өзінің соттылығына жатқызылған істер бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхаттарды қарайды.

Осылайша, азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау мақсатында, тиімді сот қорғауын құру үшін заңнамалық деңгейде жағдайлар жасалауда.

Жоғарыда аталған тақырыптың мәселесі бойынша тоқетері, сот талқылауы барысында істердің барлық мән-жайларын мұқият анықтау қажеттілігінің маңыздылығын көрсетеді. Жасалған қылмысы үшін жауаптылық мөлшері әрбір нақты құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесіне және Қылмыстық кодексте көрсетілген басқа да ілеспе мән-жайларға байланысты болатыны анық.

Осы орайда ағымдағы жылы қабылданған қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мәселелері бойынша жаңа заңның кейбір ерекшеліктерін атап өтсек, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын

оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 16 шілдедегі №210-VIII заңына сәйкес қолданыстағы Қылмыстық кодекске келесі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдары енгізілді, олар:



**Дархан БЕЙСОВ**  
Ақмола облысының  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық  
сотының судьясы

«Сталкинг», «Некеге тұруға мәжбүрлеу», «Заңсыз банктік, микроқаржылық қызмет», «Заңсыз коллекторлық қызмет», «Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру», «Шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз алынған мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу», «Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерінің бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу», «Әуе кемесін басқаруға бөгет жасау», «Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» және өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі ҚР заңының 42-баптың 5-тармағына сәйкес бұрын заңдық жауаптылыққа алып келмеген әрекеттер (әрекетсіздік) үшін заңдық жауаптылықты көздейтін не бұрынғымен салыстырғанда анағұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін заң алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткенге дейін қолданысқа енгізілмейді.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған жаңа заңның 2-бабына сәйкес, заң 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 9), 10) және 11) тармақшаларын, 12) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 13) тармақшасын, 44) тармақшасының үшінші абзацын, 61) және 62) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Дамыған қоғамда сұрақ тудыратын мәселелерді заң шеңберінде шешу, қылмыстық заңнаманы заманына сай етіп жаңарту, оған жаңа нормаларды енгізу арқылы, ҚР Конституциясында көрсетілген, яғни демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп танылған қағидаттарына қол жеткізіліп отырғаны анық.

**БІЛГЕН ЖӨН**

## ЖАЗАСЫ КҮШЕЙТІЛГЕН ҚЫЛМЫСТАР

Қазіргі таңда кейбір қылмыстар бойынша жаза күшейді, бұл әсіресе, жеке басқа жасалған қылмыстарға қатысты, яғни адам өлтіру, зорлау, көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарды жасаған адамдарға жазаның мөлшері ұлғайтылды.

2019 жылы ҚК-нің 99-бабына өзгеріс енгізіліп, бұл бапқа 99-баптың 3-бөлігі, яғни жас баланы өлтіру арнайы енгізілген. Бұл бап бойынша белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жиырма жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкін тәркілеп немесе онсыз, бас бостандығынан өмір бойына айыруға жазаланатыны қарастырылған.

Сонымен қатар, ҚК-нің 120-бабында көзделген жаза едәуір күшейтілді. Осы баптың 1-бөлігі бойынша зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып қатер төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып, жыныстық қатынас жасау – бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын бас бостандығынан айыру жазасы 3 жылдан 5 жылға дейін болатын.

ҚК-нің 121-бабы, яғни сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері бойынша да тура 120-баптағы көзделген жазадай күшейтілді.

ҚК-нің 122-бабы, яғни он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау қылмысы бойынша жаза мерзімі ұлғайтылды.

ҚК-нің 124-бабы жас балаларды азғындық жолға түсіру. Осы баптың барлық бөліктерінде көзделген жаза күшейтілген.

Көрінеу жас балаға қатысты күш қолданбай азғындық әрекеттер жасау – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырады. Бұрынғы жаза 5 жылдан 10 жылға дейін болатын. Осы баптың 2-бөлігіне сәйкес, жас балаға қатысты ата-анасы, өгей әкесі, өгей шешесі, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер ҚР заңымен жүктелген өзге адам жасаған дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырады. Бұрынғы жаза 7 жылдан 12 жылға дейін болатын.

Енді осы баптың 3-бөлігіне сай бірнеше рет жасалған іс-әрекеттер – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады.



**Б.СУГУРОВА,**  
Ақтөбе облысының  
қылмыстық істер  
жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық  
сотының  
бас маманы

**КИЕ**

## ТІЛ – ХАЛЫҚ БІРЛІГІНІҢ ӨЗЕГІ

5 қыркүйекте бүкіл ел Қазақстан халқының тілдері күнін атап өтеді. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына сәйкес, 5 қыркүйек Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқының тілдері күні болып жарияланды.

*Туған елім – тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар*

*сыр ойдағы,  
Өссе тілім мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!* – деп, ақын Әбілді Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ұлттың жаны, әрі ары. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ол атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұра.

ҚР Конституциясының 7-бабына сәйкес ҚР мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сонымен қатар Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР әрбір азаматының парызы.


Заңнамалық деңгейде әрбір азаматтың ана тілін оқып-үйренуге және дамытуға мүмкіндігі бар, өйткені әр тілдің еліміздегі басқа тілдермен тығыз байланысты өз тағдыры бар. Тіл – халықтың тірі жаны, оның қуанышы, дерті, жады, қазынасы. Құрметке лайық емес тіл жоқ. Бұл Қазақстанның күші. Көпұлтты халықтың тілдері мен мәдениеттерінің бірлігі – ел



**Қарлығаш НУРКИНА,**  
Ақтоғай аудандық сотының  
бас маманы-сот отырысының  
хатшысы

болашағын құрайтын достық монологиті.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ



СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы мәселелерді мен Әділет министрі Ерлан Жақсылықұлымен де, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Айдын Жолшыұлымен де талқыладым. Биылғы сессияда осы бастаманы көтеремін.

**– Халықтың құқықтарын қорғаудағы басты проблема – бюрократия мен ұзақ рәсімдер. Қарапайым адам өз құқығын қорғау үшін айлап-жылдап жүретін жағдайлар кездеседі. Сіздің ойыңызша, азаматтардың құқығын қорғауды жеңілдететін қандай заңдық тетіктер енгізілуі тиіс?**

– Толық келісемін. 2015 жылы үш кодексті – Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстерін



Абзал ҚҰСПАН, Парламент Мәжілісінің депутаты:

## «РАҚЫМШЫЛЫҚТЫ САЯСИ ҚҰРАЛҒА АЙНАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ»

терін жаңадан қабылдағанда жүйені бұзып алдық. Соның салдарынан көптеген рәсімдер шамадан тыс күрделеніп кетті.

Өткен сессияда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша екі жылдан аса уақыт талқыланған «Қылмыстық заңнаманы оңтайландыру туралы» заңды әзірлеп, аяқтадым. Президент қол қойды, 16 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Бірақ әлі де көптеген мәселелер бар, сондықтан қазір «Қылмыстық заңнаманы жетілдіру туралы» жаңа заң жобасына бастамашылық еттім. Бұл жоба аясында сіз айтқан бюрократияны азайтуға, азаматтардың құқықтарын қорғауды жеңілдетуге, тергеу мен соттағы теңсіздіктерді жоюға күш саламыз.

**– Қылмыстық кодекстегі кейбір баптар әділетсіз көрінеді: бір қылмыс үшін тым қатал жаза беріледі, енді бірінде ауыр қылмыс жасағандар жеңіл жазамен қатып кетеді. Бұл тепе-теңсіздікті жою үшін қандай өзгерістер қажет?**

– Бұл – қазірдің өзінде біздің күн тәртібіміздегі бас-

ты мәселе. Кейбір баптарда санкциялар тым қатал, ал кейбірінде жазаның жеңілдігі қоғамды да, жәбірленушіні де қанағаттандырмайды. Сондықтан жазалардың әділдігі мен тепе-теңдігін орнату – жаңа заң жобасының негізгі бағыты. Әсіресе жемқорлыққа, зорлық-зомбылыққа және қоғамға қауіпті ауыр қылмыстарға қатысты жазаларды қайта қарау қажет. Ал ұсақ құқықбұзушылықтар үшін жазаны жеңілдетіп, оны баламалы шаралармен алмастыру әділ әрі тиімді болмақ.

**– Амнистия мәселесіне қоғам екіұдай қарайды. Бір жағынан, оны гуманизм көрінісі деп бағалайтындар бар. Екінші жағынан, ауыр қылмыс жасаған адамдардың жазасын жеңілдету – әділетсіздік деп санайтындар көп. Сонымен қатар бұл шараны саясатпен байланыстырады. Мәжіліс депутаты әрі құқық қорғаушы ретінде сіздің рақымшылық жасауға деген көзқарасыңыз қандай? Егер амнистия қолдану қажет болса, ол қай санаттағы адамдарға қатысты болуы тиіс деп ойлайсыз?**

– Рақымшылыққа қатысты пікір ғалымдар арасында да, қоғамда да әртүрлі. Әрине, рақымшылықты саяси құралға айналдыруға болмайды. Қазақстанда кеңестік кезеңнен бастап, тәуелсіздік жылдары да амнистия жүргізудің тәжірибесі бар. Егер бұл шара қолданылатын болса, тек қоғамға қауіпті емес, алғаш рет қылмыс жасаған, әлеуметтік әлсіз топтарға жататын азаматтарға ғана қатысты болуы тиіс деп санаймын. Ауыр қылмыс, әсіресе зорлық-зомбылық пен сыбайлас жемқорлық үшін рақымшылық жасауға мүлде болмайды.

*2015 жылдан бері Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге 1200-ден астам өзгеріс енгізілген. Уақытша жағдайларға байланысты немесе аясы тар корпоративті мүдделерге бола заңдарды өзгертуге жол берілмеуі тиіс. Сондықтан, Қылмыстық және Қылмыстық-процестік заңнаманы түзету құзыретін Әділет министрлігіне беру қажет. Ол үшін мекеменің кадрлық әлеуетін нығайтып, заң шығару қызметінің сапасын арттыру керек.*

жұмыс істеп жатырмыз. Өз бастамамен «Жеке детективтік қызмет туралы» заң жобасын қолға алдым. Бұдан бөлек, болашақта «Лоббизм туралы» заң қабылдау қажет деп санаймын. Өйткені ол заң шығару процесінің ашықтығын күшейтеді. Сондай-ақ қазіргі кезде шектен тыс қатайып кеткен жемқорлыққа қатысты баптарды қайта қарап, оларды тиімді әрі әділ деңгейге келтіру керек. Сонда ғана «Әділетті Қазақстан» ұғымы нақты шешімдерден көрініп табады.

**– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!**

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»**

**– Соңғы жылдары «Әділетті Қазақстан» қағидаты көп айтылады. Бірақ халық оны заңдардағы және нақты шешімдердегі өзгерістер арқылы сезінгісі келеді. Сіз бірінші кезекте қай заңдарды қайта қарауды дұрыс деп санайсыз?**

– Менің ойымша, ең бастысы – қылмыстық заңнама. Себебі адамның табиғи және конституциялық құқықтары ең алдымен сол арқылы шектеледі. Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрінен арылу қажет. Тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін оларды қайта-қайта өзгерте бермеу қажет. 2015 жылдан бері Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге 1200-ден астам өзгеріс енгізілген. Уақытша жағдайларға байланысты немесе аясы тар корпоративті мүдделерге бола заңдарды өзгертуге жол берілмеуі тиіс. Сондықтан, Қылмыстық және Қылмыстық-процестік заңнаманы түзету құзыретін Әділет министрлігіне беру қажет. Ол үшін мекеменің кадрлық әлеуетін нығайтып, заң шығару қызметінің сапасын арттыру керек.

Біз қазір сол бағытта

ПӘРМЕН

Әр оқу жылы – ата-ана үшін де, балалар үшін де үлкен сынақ. Жауапты ата-ана балаларын мектепке дайындауға тыңғылықты көңіл бөледі. Әр баланың мектеп формасын, оқу құралдарын, күнделікті жабдықтарын түгендеуге де аз қаржы кетпейді. Сондықтан, басқалардың қиыншылығына көз жұмып қарамайтын жүрегі жомарт жандар оқу жылының алдында түрлі акцияларға қатысып, әлеуметтік жақтан әлсіз отбасыларға қолдау көрсетіп, мектепке қажетті заттарды алып беруге қол ұшын созып жатады.

## АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕУДІҢ АМАЛЫН ІЗДЕУ – АДАМДЫҚҚА ЖАТ

Көмекке зәру отбасылар аз емес. Әсіресе, көп балалы отбасының мүмкіндігі шектеулі жандардың ұл-қызына қолдау керек-ақ. Өкініштісі, бұл қатарға бүгінде толық емес отбасылар да қосылып отыр. Соның ішінде ата-анасының көзі тірі бола тұра, қаржылық қолдау көрмей жүрген балалар қаншама?! Балаларына алиментін дер кезінде бермеген борышкерлер өз ұрпағының жолын жауып, қатарынан қалдырып отырғанын түсінбейді.

Мәселен, Әділет министрлігі өкілдері ұсынған дерекке сәйкес, қазір өндірісте алиментке байланысты 319 мың іс бар. Борышкерлердің көпшілігі ер адамдар. Яғни, алиментті төлеуден жалтарып жүргендердің 310 мыңнан астамы ер азаматтар болса, 8 мыңнан астамы әйелдер. Борышкерлер қатарында аналардың көбейіп бара жатқаны да алаңдатпай қоймайды. Сондай-ақ 13 мың атқарушылық өндіріс бойынша берешек көлемі 18,5 млрд теңгені құраған. Барлық дерлік жағдайларда алимент ай сайын жұмыс берушілердің бухгалтерлік қызметтері арқылы өндіріледі.

Балаларын күнделікті мейірім мен қамқорлықтан қағып отырғаны аздай, кейбір борышкерлердің түрлі сылтау айтып, алимент үшін белгіленген соманы уақытылы төлеуге көңіл бөлмейтіні таңғалдырады. Бөтен біреуге емес, өз баласының қажетіне деп белгіленген қаржыны бермеу үшін мекенжайын жасырып, нақты табысын көрсетпей, тапқан-таянғанын біреудің атына жазып, түрлі амал-айла іздеп жүретін борышкерлердің адамдық қасиетіне күмәнмен қарайсың.

Алимент бойынша сот актілерін орындау – жеке сот орындаушылар жұмысында басты орында тұр. Бұл жұмыстан нәтиже шығару оңай шаруа емес. Өйткені, қарызынан қашқан борышкерлер мекенжайын да, жұмысын да жиі ауыстырады. Оларды тапқан соң міндетті түрде мәселенің мәнін түсіндіріп, азаматтық, әкелік парызын өз еркімен орындауы қажеттігін қаперіне саламыз. Одан нәтиже шықпаған жағдайда заң шеңберінде әрекет жасаймыз.

Алимент төлеуден жалтару заңнамада көзделген елеулі құқықтық салдарға әкеп соғады. Берешегін кешіктірген борышкерлерге мәжбүрлеп орындату шаралары қолданылады. Соның ішінде электрондық ақшасы және жасырын кірістері анықталып, қарыздарды өндіріп алу шаралары қолданылады. Берешегі көбейген борышкерлер шетелге шығу құқығынан айырылып, жүргізуші куәлігі шектеледі. Оған да мойынұсынбаған жағдайда әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Әрине, жұмысынан қысқарып қалған соң, денсаулығында кінәрат болғанда, отбасында қиындық туындағанда амалсыздан алиментті кешіктіретін борышкерлер де бар. Оларға жеке сот орындаушылар да барынша жағдайын түзеуіне көмектеседі. Айталық жұмыспен қамту орталықтарымен бірге бос орындар жәрмеңкелерін өткізіп, борышкерлердің тұрақты жұмысқа тұруына қол ұшын созады. Әділет министрлігі мен әкімдіктердің бірлескен күш-жігерінің арқасында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 3077 борышкер (2024 жылдың 6 айы – 2449) жұмысқа орналастырылған. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Дегенмен, алимент төлемеу үшін сылтау іздеу – адамдыққа жат. Өркім үшін бала алдындағы жауаптылық басты орында тұруы керек емес пе?!



**А.ЕРЖИГИТОВА,**  
Алматы облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

КӨЗҚАРАС

## ТІЛ мен ҚҰҚЫҚ – АЖЫРАМАС ҰҒЫМ

Әрбір мемлекеттің ең басты белгілерінің бірі – оның мемлекеттік тілі. Тілдің құқықтық мәртебесі сол елдің Конституциясы мен заңнамалық актілерінде айқындалады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Бұл – тек лингвистикалық ұғым ғана емес, ұлттық бірегейлікті сақтаудың, мемлекеттік биліктің толыққанды жүзеге асуының кепілі. Мемлекеттік мекемелерде тілдің қолданылуы – оның тұғырының биіктігін айқындайтын басты өлшем.

Қазақ тілінің құқықтық негіздері бірқатар заңда көрініс тапқан. Айталық «Тіл туралы» заң – мемлекеттік тілдің мәртебесін, басқа тілдердің қолданылу аясын, азаматтардың тілдік құқықтарын айқындайды. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заң – барлық заңдар мен ресми құжаттардың мемлекеттік тілде қабылдануын міндеттейді. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы» – мемлекеттік мекемелерде қазақ тілінің қолданысын арттырудың стратегиялық бағыттарын белгілейді.

Мемлекеттік органдардағы іс жүргізу рәсімдері, құқықтық құжаттар, ресми хат алмасулар ең алдымен мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Бұл талап заң жүзінде бекітілген. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын негізгі талаптың бірі – қазақ тілін кәсіби деңгейде меңгеру. Бұл – мемлекеттік қызметтің сапасын арттырудың, халықпен тиімді байланыс орнатудың кепілі.

Құқықтық мемлекет үшін тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ол – құқықтық нормаларды іске асырудың басты құралы. Сот процестерінде, әкімшілік рәсім-

дерде, құқық қорғау органдарының қызметінде мемлекеттік тілдің қолданылуы – азаматтардың құқығы мен бостандығын толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Егер мемлекеттік тіл сотта қолданылмаса, азаматтардың өз құқығын ана тілінде қорғау мүмкіндігі шектеледі. Сондықтан тіл мен құқық – ажырамас ұғымдар.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында цифрлық құжат айналымын қазақ тіліне бейімдеу, құқықтық жүйенің барлық деңгейінде қазақ тілін толық енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Қазақ тілінің тұғыры – оның заң жүзінде бекітілуінде ғана емес, іс жүзінде қолданылуына байланысты. Заң мемлекеттік тілдің мәртебесін нақтылап берсе, оны күнделікті тәжірибеде қолдану – әрбір мемлекеттік қызметкердің жауапкершілігі. Тіл мен құқық – егіз ұғым. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейген сайын, еліміздің тәуелсіздігі мен тұтастығы нығая түседі.

**С.СӨЛІМ,**  
Жезқазған қалалық соты  
әкімшісінің басшысы



Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, былтыр елімізде шаруашылықтардың барлық санаттарында 4990,6 тонна бал өндірілген. 1990 жылдарға дейін еліміз жылына 30 мың тонна бал өндіріп, оның 10 мың тоннасын экспортқа шығарғанын ескерсек, бұл көңілге кірбін, түсірететін көрсеткіш.

## «БАЛ КЛАСТЕРІН ҚҰРУДЫ» ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Егер өндірілген өнім көлемін аймақтар бойынша қарастыратын болсақ алғашқы бестікте Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Жетісу облыстары мен Шымкент қаласы тұр. Ал кеңестік дәуірде Қазақстандағы омарта шаруашылығының орталығы болады деп жоспарланып, арнайы «Бал кластерін» құру жобаланған Алматы облысы былтыр алтыншы орынды қанағат тұтты. Мұнда 2024 жылы 217,1 тонна ғана бал өндірілген.

Жақында «QazTrade» ұлттық экспортты ілгерілету операторының бас директоры Айтмұхаммед Алдаров, Венгрияның Aranyektár Kft және Fulmer Hungarian Honey Ltd компаниялармен келіссөз жүргізгенін жариялады. Оның қорытындысы бойынша алғашқы 20 тонна балды Венгрияға жеткізу жоспарланып, онда отандық 80-нен астам бал үлгісі зертханалық тексерістен өткізілуде. Егер бұл компаниялардың әлеуетіне көз жүгіртер болсақ 2001 жылы құрылған «Aranyektár Kft» жылына 4 мың тоннаға дейін балды қайта өңдеп, Еуроодақ, Таяу Шығыс және Азия елдеріне экспорттайды. Ал ғасырлық тарихы бар және отбасылық бизнес саналатын «Fulmer Hungarian Honey Ltd» компаниясы органикалық бал өнімдерін 40-қа жуық елге шығаратын Еуропадағы ең ірі компания саналады.

### Омарта өнімі өзімізде өңделмей тірлік өнбейді

QazTrade мәліметінше, 2024 жылы қазақстандық бал экспорты \$1,58 млн құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 57%-ға өскен. Жалпы бүгінде қазақ балы Қытай, Канада, АҚШ, Сауд Арабиясы, БАӘ және басқа да елдерде саудаланып жүр. Алайда омарта шаруашылығында да еліміз әзірге тек шикізат өндіруші болып отыр.

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында: «Азаматтар, әсіресе, ауыл тұрғындары занды түрде та-



бысты жұмыс істеп, болашағының қамын өзі ойлауы керек. Оларды осыған ынталандыру – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Былтыр «Ауыл аманаты» жобасы басталды. Жалпы нәтижесі жаман емес. Енді осы жоба аясында тағы бір жаңа тәсілді, яғни «тауар несие» беру мәселесін қарастыру қажет. Ауыл тұрғындарына өз өнімдерін өңдеуге және сатуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру өте маңызды. Әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет. Осындай жоба «Аманат» партиясының бастамасымен Жамбыл облысы Меркі ауданында жүзеге асырылды. Үкімет пен әкімдер бұл тәжірибені басқа да аймақтарға таратуды ойластыруы керек», – деген еді. Өкінішке қарай бұл бағытта

айтарлықтай өзгеріс жоқ. Қала тұрмақ, ауылдардың өзінде ай сайын жүздеген, мыңдаған адам жұмыссыз ретінде тіркеліп, мемлекеттік жәрдемақы алуға.

Бұл туралы Алматы облысы Райымбек ауданы Қостөбе ауылының тұрғыны, еліміздің құрметті омарташысы, осы саладағы бірден-бір жетекші зерттеуші-ғалым

ғылыми эксперимент жүргізген Манасбек Сүгірбекұлының сөзіне қарағанда, Алматы облысында «Бал кластерін» құру жобасы жасалғанын бүгінде миллионнан біреу ғана біледі. Көпшілік қауым одан мүлде хабарсыз. Шикізатты өндіру, өңдеу, өңделген дайын өнім түрлерін сатуға дейінгі бүкіл үдерісті қамтитын үлкен өндірістік жүйені қамтитын

ұяға 30 минут қана уақыт жұмсайды. Яғни омарташылықты негізгі кәсібіне қосымша табыс көзі ретінде қарастыруға болады.

Әлемдік тарихқа көз жүгірткен адамдар статистика арқылы барлық елдің ең дамыған кезі омарташылықпен байланысты болғанын көре алады. Өйткені қандай да бір елде орта есеппен әр адам күніне 0,4-0,5 грамм бал өнімін тұтынған жағдайда онда халықтың интеллекті күрт көтерілген. Бұл жағдай Қазақстанда 1972–1980 жылдары тіркелген. Республика басшысы боп тұрған Дінмұхамед Қонаевтың тапсырмасымен Қазақстанда 1972 жылы балық және омарта шаруашылығына көңіл бөлінген кезде білім, ғылым, мәдениет, өнер сияқты шығармашылықтың барлық бағыттары күрт дамыған. Оны ерте байқап, ғылыми түрде негіздеп балалардың ас мәзіріне бал өнімдерін жүйелі түрде енгізген Жапония, Израиль сияқты елдер дамуын даңғыл жолға салып алды. Сондықтан Манасбек Сарыбаев омарташылықты қайта жаңғырту үшін мен не істей аламын, оны қалай дәлелдеймін деп көп ойланып Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Түрген ауылындағы білім бөліміне «эксперимент жүргізейік. Бәрін өзім жүргізем. Тек ақ қағаз берсеңдер болды» дейді. Осылайша қатар оқитын екі кластың біреуіне жасалған экспериментте ондағы оқушылардың интеллектісі 1 айдың ішінде 35-40 пайызға көтеріледі. Кейін бұл зерттеуге сыныптағы мұғалімдерді те тартып, олардың да бал өнімдерін тұрақты қолдануына жағдай жасайды. Осылай бұл класты мектеп бітіргенге дейін қолдап, олардың оқу үлгерімін 85 пайызға жеткізген. Ал эксперимент жүргізілмеген басқа кластардың оқу үлгерімі көрсеткіші 40-45 пайыз ғана болады.

Зерттеудің нәтижесі негізінде Үкіметке хат жазылып, мектеп оқушыларын тамақтандыруда олардың ас мәзіріне әр оқушыға күнделікті 20 грамнан бал өнімдерін енгізу ұсынылады. Ең бірінші боп мектепке бал жеткізуге Алматы облысы тендер жариялап, оған 750 млн теңге бөлінеді. Кейін оған Астана, Алматы қалалары мен Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары қосылады. Соның нәтижесінде республикалық бюджеттен оларға 6,5 млрд теңге бөлінеді. Алайда дайын асқа тік қасық болушылар табылып, ғалымның жасаған әдістемесін ешкім елеп-ескермегендіктен, бюджет қаржысы жоспарланған нәтиже бермегендіктен, біраз жылдан кейін ол бастама аяқсыз қалды.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

Манасбек Сарыбаев: «Қазір Нарынқолда 550 адам жұмыссыз ретінде тіркеліп, Үкіметтен ай сайын белгілі бір көлемде ақша алады. Ол біреуге аз, біреуге көп көрінуі мүмкін. Алайда бұл бюджет қаржысы құмға құйылған судай жұтылып, халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуға да, елдің экономикалық әлеуетін арттыруға еш пайдасы болмауда. Егер ай сайын берілетін бұл көмек белгілі бір кәсіпті меңгеріп, өз тіршілігін өзі қамтамасыз етуге ынталандыруға жұмсалса нәтижесі басқаша болар еді. Мәселен, ауылдық жердегі жұмыссыз азаматтарға берілетін ай сайынғы көмектің көлемі бір омарта ұясын сатып алуға жетеді. Оны үйінің ауласынан ыңғайлы орын тауып, орнатып, қалған уақытта өзінің әдеттегі тірлігін жасап жүре беруіне барлық мүмкіндік бар. Соның өзінен жылына 100 бен 400 мыңның арасында табыс табуға болады. Ұя санын көбейткен сайын табыс та ұлғая беретінін ескерсек, бұл кәсіптің пайдасы ұшан-теңіз», – дейді.

### Омарта шаруашылығы – стратегиялық маңызы бар сала

2007 жылы «Омарта шаруашылығын дамыту және қолдау» қорын ашып, Алматы облысындағы бірнеше мектепте 5 жыл бойы

кластерлік үлгі қазіргі таңда әлемнің бірқатар дамыған елдерінде жүзеге асырылуда. Егер ауыл шаруашылығының әлеуетін жоспарлап, тиімді жүргізетін болса, Алматы облысы мемлекеттік бюджетке тәуелділіктен бірнеше жылда толық арылуына барлық мүмкіндігі бар. Бұл үшін тек әлеуетті бағалап, оны ел игілігіне тиімді жарату үшін ғылыми түрде негіздеп, жүйелі іс-шараларды қолға алу қажет.

Омарта шаруашылығы стратегиялық маңызы бар сала екенін өкінішке қарай ешкім ескеріп, оның дамуына қолайлы жағдай жасап жатқан жоқ. Ол ең алдымен халықтың интеллектісін көтеруге, денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Ал өсімдік шаруашылығында тыңайтқышсыз және ешбір қосымша шығындарсыз өнімділікті 35 пайызға дейін ұлғайта алады. Омарта шаруашылығының әлеуетін тиімсіз пайдаланудың нәтижесінде, әлемге алманың отаны ретінде танылған Қазақстан әлі күнге дейін өзін-өзі алмамен қамтамасыз ете алмай, импорттық өнімге тәуелді боп отыр. Мысалы, 1972 жылы тек Нарынқол өңірінде бір айлық оқу курстары ұйымдастырылып, 9 колхозда омарта шаруашылығы ашылған еді. Кейін ондағы мамандардың жылына бір рет білім жетілдіруіне барлық жағдай туғызылды. Қазір де омарта шаруашылығын дамыту үшін түрлі оқыту курстары ұйымдастырылғанымен, оның сапасы әзірге сын көтеретін жағдайда емес. Өйткені оған шақырылатын адамдар өзге бизнес салалары бойынша жоба дайындап, сонымен жұмыс жасап жатқандықтан қысқа мерзімдік оқу курсынан өзіне қажетті білімді ала алмайды. Бұл үшін кемінде 10-15 күндік жеке оқу бағдарламасы жасалып, олар білімін өндірістік жағдайда алу керек.

Мәселен, ауыл шаруашылығының өзге салаларымен салыстырғанда омарташылықтың мүмкіндігі мен әлеуеті зор. Онда ұяны күні бойы қадағалап жүрудің қажеті жоқ. Тәжірибелі мамандар жылына бір



## ЭКОНОМИКА ШИКІЗАТ ӨНДІРІСІНЕ ТӘУЕЛДІ

Қазақстан – шикі мұнайдың әлемдегі ірі экспорттаушыларының бірі. Ондағы сұраныс жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Масұым айында мұнайға деген сұраныс тәулігіне 105,6 млн баррелді құрады. ОПЕК мәліметтері бойынша ол 2030 жылы – 112, 2050 жылы – 123 млн баррелге жетеді деп болжануда. Әрине бұл өндірушілерге тиімді болғанымен, мемлекетке бірқатар қолайсыздықтар туындаып отыр. Біріншіден, әлемдік нарықтағы сұранысқа және саяси-экономикалық ахуалға байланысты өндіріс тұрақсыз болып отыр. Екіншіден, шикізат қорының шектеулілігі. Үшіншіден, шикізат өндіруге қарағанда дайын өнім сату жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Төртіншіден, өңдеу өнеркәсібі дайын өнімдердің импорттына тәуелділікті азайтады. Бесіншіден, өңделген өнім сатудан түсетін кіріс шикізатқа қарағанда бірнеше есе жоғары болады.

Қазақстан экономикасы шикізат өндірісіне тәуелділіктен әлі арыла алмай отыр. Мұнай мен мұнай өнімдері нарығы жыл өткен сайын ұлғайып келе жатқанымен, республикалық бюджет мұнай өнімдерінің импорттыңан ғана жыл сайын миллиардтаған доллардан қағылып отыр. Мысалы, былтыр 87,7 млн тонна (жоспардың 97,1%) мұнай өндіріліп, мұнай өңдеу – 17,9 млн тоннаны (жоспардың 100%), мұнай өнімдерін өндіру – 14,5 млн тоннаны (жоспардың 102,1%) құрады. Мұнай экспорттаудағы негізгі бағыттар КҚК (54,9 млн тонна), Атырау – Самара (8,8 млн тонна), Атасу – Алашанқою (1,2 млн тонна) мұнай құбыры және Ақтау порты (3,6 млн тонна) болып отыр. Былтыр сондай-ақ, Қазақстан Қытай мен Өзбекстанға мұнай транзитін 10,2 млн тоннаға дейін ұлғайтты. Биыл мұнай экспортын 2024 жылғы 68,6 млн тоннадан 70,5 млн тоннаға ұлғайту және мұнай өңдеуді 17,6 млн тоннаға, мұнайы өнімдерін өндіруді 14,6 млн тоннаға жеткізу жоспарлануда.

Қазақстанда мұнай өнімдерінің 94,4 пайызы қазір Шымкент, Павлодар, Атырау мұнай өңдеу зауыттарында өңделуде. Бұған дейін бірнеше рет жаңа мұнай өңдеу зауытын салу туралы мәселе қозғалғанымен, оның бәрі аяқсыз қалды. Министрлік олардың өндірістік қуатын ұлғайту арқылы республиканың ішкі сұранысын қамтамасыз етуге болады деп шешкенімен, оған соңғы нүкте қойылған жоқ. Соңғы жылдары Ресейде және әлемде қалыптасқан тұрақсыз саяси және экономикалық ахуал жалғаса беретін болса Қазақстан бұл мәселені қайта көтеруге мәжбүр болады. Тіпті бұл экономикалық жағынан ұтымды жоба болуы да ықтимал. Өйткені Қазақстанның импорттық мұнай өнімдерінде жоғары сұраныс пайда болған кезде осы уақытқа дейін Ресей маңызды рөл атқарды. Сол себепті биыл көрші елден 285 мың тонна автобензин, 300 мың тонна авиаотын, 450 мың тонна дизель отынын және 500 мың тонна битум сатып алуды жоспарлаған.

«Каспий» тауар биржасының деректері бойынша, 2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Ресей Қазақстаннан мұнай өнімдерінің импортын 1,5 есеге қысқартқанымен, мазут пен дизельдік отын сияқты кейбір түрлер бойынша жеткізілімдері көбейген болатын. Биыл Украина дрондарының Ресейдегі мұнай-өңдеу зауыттарына жасалған шабуылдарынан кейін бұл жоспардың орындалуына күмән туып отыр. Өйткені қазір Ресейдің өзінде жанар-жағармай тапшылығы сезіле бастады. Сондай-ақ Қазақстанда салық жүктемесі жанар-жағармай бағасының 36 пайызын (КҚК – 12%, пайдалы жеткізілімдері өндіру салығы – 9% және акциз – 15%) құраса, Ресейде бұл көрсеткіш 71 пайыз болып отыр.

Былтыр Қазақстанда тұтынылған мұнай өнімдерінің негізгі үлесін (86%) бензин (42%) мен дизельдік отын (44%) құрады. ЕАЭО елдерінің ішінде 1 литр бензиннің бағасы Қазақстанда – 245, Ресейде – 320, Беларусьта – 385, Қырғызстанда – 420, Арменияда – 684 теңге болды. Дизель отынының литрі Қазақстанда – 290, Ресейде – 372, Беларусьта – 385, Қырғызстанда – 418, Арменияда – 658 теңге. Ал көршілес Иранда бензин – 15, Түрікменстанда – 221, Әзірбайжанда – 335, Өзбекстанда – 513, Қытайда – 595 теңге. Дизель отыны Иранда – 3, Түрікменстанда – 148, Әзірбайжанда – 304, Өзбекстанда – 489, Қытайда – 530 теңге. Қазақстанда бағаның салыстырмалы түрде төмен болуына бензин (АИ-92) мен дизель отынының бағасын мемлекеттік реттеу себеп болып отыр.

Мемлекеттік реттеуге байланысты ішкі

бағаның төмендігі жанармайдың бағасы айтарлықтай жоғары болатын көрші елдерге «сұр экспортқа» әкеліп соқтырады. Бұл ай сайын 10-нан 45 мың тоннаға дейін жанар-жағармай шығынына және жыл сайын 1,2 миллиард доллар қаржылық шығынға әкеледі. Осыған байланысты Энергетика министрлігі 2025 жылғы 29 наурыздан бастап Қазақстаннан жанар-жағармай экспортына тыйым салуды тағы 6 айға ұзартты. Алайда бұл мәселені түпкілікті шеше алмайтын сияқты. Өйткені Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдерімен арадағы кеден бекеттерінен Қазақстанға арзан жанар-жағармай құйып алу үшін келетін жеңіл көліктер саны әлі де азайған жоқ. Бұл қолданыстағы заңға қайшы келмегендіктен құзырлы органдар оған тыйым сала алмайды. Сондықтан бұл ахуал 2027 жылға дейін өзгермеуі мүмкін. Себебі биыл 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру туралы халықаралық шарттың талаптары күшіне енуі тиіс еді. Бұл процес халықаралық шартты әзірлеуді және қол қоюды, сондай-ақ оның ажырамас бөлігі болып табылатын: мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай ережелері; одақтың ортақ нарықтарында мұнай және мұнай өнімдерінің саудасы (биржадан тыс сауда) ережелері; мұнай және мұнай өнімдерінің биржалық саудасын жүргізу ережелерін қамтуы керек болған. Алайда оны қалыптастыру мәселелері бойынша тараптар әлі ортақ пікірге келе алмай, былтыр Қазақстанның өтініші бойынша нарықты іске қосу мерзімі 2027 жылға ауыстырылған болатын. Егер ол жүзеге асатын болса мұнай өнімдеріндегі салықтық айырмашылық өзгеріп, баға айтарлықтай өсетіні күмәнсіз.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

## БІЛІМ

# 200 БАЛА МЕКТЕП ФОРМАСЫН ЖӘНЕ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН АЛДЫ

Еліміздің барлық өңірлерінде «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы басталды. Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен 2008 жылдан бері жыл сайын 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында еліміздің барлық өңірлерінде дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы бастау алып отыр. Аталған жоба аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан сондай-ақ, асыраушысынан айырылған ерекше білім беруді қажет ететін балаларға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған.

Осындай акция жуырда Кентау қаласының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайында өтті. Аталған шараға Кентау қалалық маслихат төрағасы Қ.Елеусізов, қалалық ада-

ми әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Ә.Әуелбеков оқушылар үшін жаңа оқу жылына сәттілік тілеп мектеп формасы мен оқу құралдарын ұсынды.

— Жалпы, бізде осал топтағы және

аз қамтылған отбасынан шыққан 2040 балаға мемлекет тарапынан бөлінген 46267 теңге көлемінде қаржы берілді. ҚР білім министрінің тапсырмасымен акция 5 категория бойынша ұйымдастырылды. Жыл сайын тамыз айының алғашқы күнінен басталатын акцияға демеушілер мен меценаттар тарапынан көрсетілген көмек-қолдаулардың үлесі зор. «Бала – болашағымыз» деп ұрандатып, жиі айтамыз. Сол болашақтың алаңсыз ер жетіп, еліне еңбек етуі үшін жағдай жасап, үлгі болуымыз қажет-ақ. Моно қала са-

налатын Кентау қаласында ірі кәсіп иелері жетерлік. Одан бөлек шағын кәсіпкерлердің де саны күн санап артып келеді. Олардың ешбірі қайырымдылық шарасынан шет қалмайтыны белгілі. Ал осы бір маңызы зор «Мектепке жол» науқанының аясында берекелі, бірлігі жарасқан ел екенімізді танытып, барлығымыз бірдей мұқтаж жандарға көмек қолын созсақ, нұр үстіне нұр болары хақ, — деді қалалық білім бөлімінің бастығы Ә.Әуелбеков.

Жалпы акция бойынша 200 бала мектеп формасы және оқу құрал-

дарымен қамтылды. «Мектепке жол» акциясы айдың соңына дейін жалғасады. Жийиңа қатысқан қалалық маслихат төрағасы Қабылан Елеусізов акцияға атсалысқан жомарт жандарға алғысын білдірді. Сонымен қатар, халық қалауысы бұлдіршіндерге мектепке қажетті құралдарды өзі табыс етті. Жүздеріне шаттық ұялаған бұлдіршіндерге арналған шара концерттік бағдарламаға ұласты.

Раушан НАРБЕК  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## ӨРТУРА

2. Алматы қаласының МАЭС-нің 2 қыркүйек 2025 ж. нұсқасымен, БСН 201040012057, «Vibe Express (Вайб Экспресс)» ЖШС ұйымына оңалту рәсімін қолдану туралы өндірістік іс қозғалды.

Барлық мәселелер бойынша судья Г. М. Сагынбековаға тел. +7 727 333 1091 хабарласыңыз.

### 3. Құрметті тұрғындар!

Әуезов аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Сіздерді аудандағы тұмауға қарсы алдын алу шаралардың бірі - халықты жаппай тұмауға қарсы егу жұмыстарының басталғанын хабар етеді.

Бүгінгі күні тұмау көп тарайтын жұқпалардың бірі болып есептеледі жылдар бойы ол эпидемия көзі болып, 5-10 пайыз ересектер мен 20-30пайыз балаларды зақымдауда.

Аурушылдықтың кезеңдік көтерілуі тұмау вирусының өте жоғары өзгерушілігімен, нәтижесінде адам арасында жаңа ауру қоздырғыш түрлері пайда болуымен ерекшеленеді.

Жиі вирус адамдарда өте ауыр түрде өтіп, кейде өміріне қауіп төндіретіндей ауыр асқынулармен байқалады (пневмония, өкпе абсцессі, өкпе көк ет эмпиемасы, респираторлық дистресс синдромы, құлақтың қабынуы, кеңірдектің ісінуі, энцефалит, менингит, токсико-аллергиялық шок т.б.), мұның өзі тұмауға қарсы алдын алу шараларының кешенді түрде жүргізілуін талап етеді.

Алдын алу шараларының ең тиімдісі болып арнайы тұмауға қарсы иммундау (вакцинация) егу болып табылады.

Бүгінгі күнгі талаптарға сай, тұмауға қарсы ақысыз тұрғылықты мекен жайға қарасты емханаларда, тұмаумен ауырып қалу қаупі жоғары адамдар тобына жататындар, олар; ұйымдасқан жабық мекеме тұтынушылары, жиі ауыратын балалар мен кәрі (егде) кісілер, жүкті әйелдер, иммундық жағдайы төмен жүрек, өкпе, бүйрек, эндокриндік және орталық жүйке жүйесі ақаулары бар адамдар. Сонымен қатар жүктілікті жоспарлайтын әйел азаматтары, өйткені, жүктілікке дейінгі немесе жүктіліктің алғашқы 2-3 айлығында алуы дұрыс, өйткені тұмаумен ауырған жүкті әйелдердің қажетсіз асқынудың қаупі зор, түсікке немесе нәрсенің денсаулығының ақауларына алып келуі мүмкін.

Осы аталған топқа қатысты болсаңыз, аудандағы бүгінгі күні тегін екпе жүргізілетін емханаларға тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша қаралуыңызға болады. Сонымен қатар тұмауға қарсы екпе алу қажет топтар болып көпшілік жерде жұмыс істейтін қызметкерлер (тәрбиешілер, мұғалімдер, дәрігерлер, сатушылар және ірі мекеме қызметкерлері) жатады.

Тұмауға қарсы арнайы екпені күзде, кезеңдік аурушылдық деңгейі көтерілуі алдында жүргізіледі.

Тұмауға қарсы екпе арнайы медицина мекемелерінде, жауапты медицина қызметкерлерімен, рұқсат қағазы бар, арнайы бөлмеде, барлық төтенше жағдайларға дайындық жиынтығы бар, алғашқы көмек көрсетуге дайын, егу алдында дәрігер қарауымен жүргізілуі тиіс.

Тұмауға қарсы жүргізілген бір ғана екпеден кейін, адам ағзасында тұмауға қарсы тәзімділік 14 күн аралығында пайда болып, бір жыл аралығында сақталады.

Тұмауға қарсы егілген адамның тұмаумен ауырып қалуы, егілмеген адамнан 3-4 есе төмен.

Ал егерде тұмауға қарсы егіліп, ауырып қалсаңыз, онда аурушылдылық төмен түрде және асқынусыз өтеді.

Егер сізде, қандайда бір сұрақ туындаса, Әуезов аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы эпидемиологиялық бақылау мамандарынан келесі байланыс телефондарымен кеңес алуыңызға болады 3098710, 3098712, 3098675

Өз денсаулығыңызға немқұрайлы қарамай, қазірден бастап екпе алу мүмкіндігін қолға алыңыз!!!

**Алматы қаласы Әуезов аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшы орынбасары Меруерт Шаймерденқызы Жансеитова.**

4. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі, БСН 070740012675, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

7. «Тара Трейд» ЖШС (БСН 140840012545) жарғылық капиталының 250 000 000 (Екі жүз елу миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық округі, Кемертоған ауылы, б орам, 1А корпусы мекенжайы бойынша қабылданады.

8. «Саяхат - Инвест» ЖШС (БСН 061140004217) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 37-ғимарат, 36-пәтер мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 707 227 24 24.

9. «Sayahat Realty» ЖШС (БСН 180940027792) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5-ғимарат, 2А павильон, 8-қабат, «Нұрлы Тау» бизнес орталығы мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 707 227 24 24.

19. Құрметті аудитор болуға үміткерлер!  
Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңесінің (АҚКК) Біліктілік комиссиясы 2025 жылдың 12 қыркүйектен бастап 30 қазанына дейін 2025 жылдың қараша айының емтихандық сессиясына Қазақстан Республикасының аудиторы болуға үміткерлердің құжаттарын қабылдау басталғанын хабарлайды. Өтініштің нысаны мен қажетті құжаттардың тізімі [www.pсад.kz](http://www.pсад.kz) сайтында Біліктілік комиссиясы/Емтихандардың кестесі бөлімінде көрсетілген. Өздеріңізді қызықтыратын барлық сұрақтар бойынша +7 727 249 76 02, +7 700 304 00 57 телефон нөмірлері арқылы немесе [kvakkom@psad.kz](mailto:kvakkom@psad.kz) электрондық поштасына хабарласуыңыздар. АҚКК Біліктілік комиссиясы.

22. Ақмола облысы әкімдігінің 25.08.2025 жылғы № А-8/464 қаулысына сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Шілікті ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, таратылады. БСН 021040002164; заңды мекенжайы: Қазақстан, 020307; Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Шілікті ауылы, Бейбітшілік көшесі, 28. Шағымдар мен талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Астрахан ауылы, әл-Фараби көшесі, 50, телефон (871641)2 21 38 мекенжайы бойынша қабылданады.

## ТАРАТУ

5. «MetalPark» ЖШС (БСН 240740024308) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жаһанша Досмұхамедұлы көшесі, 20-ғимарат.

11. «AND MK» ЖШС (БСН 220440037701) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 55-ғимарат, тел. 8700 333 1385.

12. «Тай Компани» ЖШС (БСН 061240006732) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтау қаласы, Базалық аудан «АТК АРНА», тел. 8 777 420 7388.

13. «Болашақ 2021» АӨК (БСН 210140008478) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080030, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы, Көктем көшесі, 17 үй. Тел. +7-747-465-44-72.

14. «Боранды 21» АӨК (БСН: 210140008428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-

дыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080030, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы, Көктем көшесі, 17 үй. Тел. +7-747-465-44-72.

15. «Байтерек 21» АӨК (БСН: 210140008448) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080030, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы, Көктем көшесі, 17 үй. Тел. +7-747-465-44-72.

16. «Gold Herbs KZ» ЖШС (БСН 161140026516) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 32 үй, офис бв, тел. 87786427281.

## МҰРАГЕРЛІК

6. 2025 жылы 10 ақпанда қайтыс болған Шәукебаев Алтынбек Жүнісұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. 2025 жылы 3 тамызда қайтыс болған Иманов Баяхмет Шәукетұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

Әріптесіміз, Жоғарғы Сот судьясы Ерлан Жұмаханұлына анасы – **Шара Ишанқызының** өмірден озуына байланысты, орны толмас ауыр қайғыларыңызға ортақтаса отырып, көңіл айтамын.

Ана – тіршіліктің шуағы, өмірдің тұтқасы. Оның даналығы мен шапағаты әр жүрекке мәңгіге сақталады. Ананың мейірімі мен қамқорлығын ешкім алмастыра алмайды.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болғай. Артында қалған ұрпағына, туған-туыстарына Жаратқан ием сабыр берсін.

**Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Д. С. ӘМІР**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілігінің ұжымы Жоғарғы Соттың судьясы, Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі Е.Ж.Айтжановқа анасы

**Шара Ишанқызы Матаеваның** қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ақтөбе облысының судьялары Ерлан Жұмаханұлы Айтжановқа анасы

**Матаева Шара Ишанқызының** мезгілсіз өмірден озуына байланысты оның отбасының орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Ақтөбе облыстық соты**

Маңғыстау облысының судьялар қауымдастығы мен ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі Айтжанов Ерлан Жұмаханұлына аяулы анасы

**Матаева Шара Ишанқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/А Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ша/Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256500.

**БАЙҚАУҒА**

(Соңы. Басы өткен № 66 санында)

\*\*\*

Сарғалдақ ауылында Жаппар мен Зура өлімінен кейін ел ішін үрей жайлап, көп ешкім бір-біріне ашылып сыр айтпайтын болған. Барлығы бұйығы тірлік кешіп, түтін түтетіп жүріп жатты. Тек ауылдан бұрын көшіп кеткен Қажытайдың сотқар баласы жиірек төбе көрсететін болған.

«Қос бірдей өлімнің құпиясы осы бәледен болмаса нетті...» деп жұрт сыпсың әңгіме де таратып көрді. Бірақ ұшарын жел, қонарын сай білетін Саматтың бар есіл-дерті арақ ішіп, аяқ босату. Учаскелік уәкілге бірнеше рет бас сұққан сотқарды өлім болған күні өлесі мас күйінде көрші ауылдан көргендер де бар болып шықты. Дегенмен тексеру қажет деп тапқан учаскелік уәкіл Қазтаев оның таныстарын аралап шыққан. Бәрі бір ауыздан Көкөзекте құрылыста болғанын, тапқан ақшасын жартылыққа жұмсап жүргеніне куәлік етті. Қасымханов майор Қазтаевқа күдікті азаматтан көз жазбауды тапсырған болатын...

\*\*\*

Тергеуші Қасымхановтың кабинетіндегі телефон безілдей жөнелді. Тыста темекі шегіп тұрған ол ұзақ шырылды құлағы шалып, жұмыс кабинетіне жүгіре кірді.

– Капитан Қасымханов тыңдап тұр!  
– Капитан, бұл Қазтаев қой, Сарғалдаққа шұғыл жетугіңіз керек!  
– Не болып қалды, майор?  
– Самат ауруханада, сандырақтап жатыр. Арақтан уланған.

– Қазір жетем, қасынан кетпе!  
Ауданнан «Уазикпен» шаңдатып жеткен тергеушінің алдынан бірінші шыққан Қазтаев қаздып тұра қалып баяндауға кірісе бергенде, қолын сілтеп «қоя бер!» деп белгі берген Қасымханов бірден аурухана палатасына озды. Ес-түссіз жатқан маскүнем жігіт «су-су...» деп қана сыбырлайды...

– Қазтаев, бұл не деп сандырақтады?

– Әлдебіреудің атын атап, «көмектес» деп қайталай берді...

– Анық естідің бе?

– Иә, Мұратқан аға! Көмек... дегенін ғана ұқтым.

Қасымханов Саматтың жанына тақау отырып тіл қатып еді, анау селт етпеді.

– Түсінікті. Өз-өзіне келсе дереу ауданға жеткіз-ұқтың ба?

– Жақсы...

Қасымханов қайта ауданға аттанған соң, ымырт үйіріле Самат көзін зорға ашып: «Мен білем... оларды... Мен... кеш...» деуге ғана шамасы келіп үзіліп кетті.

Көп ұзамай майор Қазтаев Қасымхановқа байланысқа шықты.

Изолятордағы Қабылжанға кестеден тыс кірген Қасымханов шұғыл бірекі сауал қойып үлгерді:

– Қабеке, айтыңызшы, сіз Мұратқан деген есімді естудіңіз бар ма?

– Жоқ. Есіме түспей отырғаны...

Сонда да мықтап ойлану көріңіз. Есіңізге түскен жағдайда бір хабарын айтарсыз...

\*\*\*

Сарғалдақ ауылындағы сыпсың өсек: «Қажытайдың жүгерімегің өлтіріп кетіпті. Соның қатысы бар көрінеді Жаппар өліміне. Бәсе, жүрісі жаман еді» деген тіркестермен шұбатыла берді.

Әсемгүл келіп мән-жайды естірткенде Қабылжан қапелімде не дерін білмеді. «Мүмкін емес қой бұл. Араққа салынып кеткен жігіттің қаншалық қауқары бар дейсің. Жаппекен оны жапыра салмас па?»

Екі шынтағын басына төсеп төбеге қарап жатқан Қабылжан қым-қиғаш ой иіріміне батты. «Иә бір жерден естіген тәріздімін. Мұратқан... Мұратқали ма еді...Токта! Бұны кім айтып еді? Иә, иә, марқұм Жаппекеннің өз аузынан естіп едім ғой. Бір танысы болар. Сірә, кәсіпкерсымақ біреу болар».

Тергеу жұмысына қаңғыған қауесеттер соншалық соны мәліметтер жеткізбесе де, сол бағыттағы болжамдарды сүзіп шығу қажеттілігін ескерткендей.



**ҚАСАЛШЫНЫҢ  
КӨЗ ЖАСЫ...**

Тергеушінің кәсіби интуициясы алдамаған тәрізді. «Енді тек марқұмдардың араласқан ортасымен жұмыс жасау қажеттігі сұранып тұр».

\*\*\*

Саматтың мәйітіне жүргізілген сараптау қортындысы да дайын болып, ол араққа қосылған «мышьяктан» уланған деген қорытынды шығарылды. Яғни, қасақана кісі өлтірудің тағы бір фактісі! Тергеуші іс материалдарының барысы туралы есеп беруге прокуратураға барып, күдіктілерді қамауға рұқсат алып шықты.

Қасымханов Ақтоғайда көп бөгелмеді. Іздеу, сұрау салған адамдардың қалада болмауы себепті, ол сезік ұялатпас үшін туыстарын беймезгіл мазаламастан кері қайтты.

Арақтан уланып өлді деген Самат жер қойнына тапсырылған соң, барлық дүкендер мен шағын киоскілерге «тексеру» өршіп кетті. Ауыл-ауылдарда жеке үйлерде тығылып спиртті ішімдік сататындардың да басына қара бұлт төнді. Тым-тырыс ештеңе болмағандай, олар да өмір көшіне ілесіп кете барды.

Өз ойымен әуре болып отырған Қабылжан Жаппар өлімінің себебін өзінше топшылап көрген. «Жаппардың азды-көпті табыс тауып жүргені, ерине, таныстарының ішін тырмалайды. Бір жағынан ол мінезді адам. Бар, жоқ деп кесіп айтып, қажетті тұста тіке сөйлеп жүре береді. Үйден көп сомадағы ақшаның жоғалуына қарағанда, оның біреулерге берешегі болуы да кәдік. Қанша жерден табыскер болғанымен, оның да біреулерге күні түсуі заңды. Менің отырысым мынау. Пышақтың кесірінен шатылғаным. Қанша жерден қаттылау болғанымен, қайырымы бар пенде еді жарықтық», – деп ауыр күрсініп алды.

Шамалыдан соң камераның ауыр есігі сықырлай ашылып, адвокаттың төбесі көрінді.

«Қабеке, айтып едім ғой, әділдік бізде деп. Қолхат арқылы шығатын болдыңыз!»

Қуанудың орнына сықырлауық темір тапшаннан сүлесок сырғып түскен Қабылжан енді барар жер, басар тауы жоқ жандай ілбіп, есіктен еріксіз шыға берді...

Ол жол бойы Жаппар үйіне келіп-кетіп жүрген бейтаныстардың тұртүсінің нобайын електен өткізумен болды. «Еңгезердей біреу бұл мал жайғап жатқанда келіп Жаппармен оңаша ұзақ сөйлескенін аңдаған. Мұратқаны сол болмаса нетті».

\*\*\*

Басқармаға шұғыл шақыртылған Қасымханов бастықтан оқыс оқиға туралы хабар алды. Жаппардың таудағы малшыларын әлдекімдер ауысыз соққыға жығып, байлап-матап бар жылқыларын қуып кеткені, сол жаққа суыт жетуін, жапа шегушілерден сұрақ-жауап алу мен күдіктілердің дерегін анықтау тапсырылды.

Атаспас шатқалында қорада отырған малшыларды бұлар жеткенше

өзге көрші малшылар байлаудан босатып, әл-қуат жиғызып та үлгеріпті. Бет-ауыздары көкпеңбек домбыққан екі жылқышыны ес жиғызбастан сойып салғаны көрініп тұр. Ішіндегі ұлкені – қысық көз, бәкене бойлы, кәрі жылқышы қарақшылардың алыстан келмегенін айтумен болды.

– Мен білсем мына құзғындар бұрыннан Жаппарды білетін, есебі бар құлар ма дедім. Дауыстары аса кексе адамдардың дауысы емес, еш шамалары 40-50-дің арасындай көрінді. Қарлығыңқырап сөйлегендері жасанды екені білініп-ақ тұрды. Жылқы құрысын, табылар. Бұлар бізді Жаппардың соңынан жіберуге шақ қалды емес пе?!

– Ақсақал, қарақшы топ кеткелі шамамен неше уақыт өтті?

– Таң сібірлеп келе жатқан. Шамалауымша бес-алты болса керек. Жылқыларды Өртен сайға өрлетіп келе жатқан бетіміз еді. Қайырып тастап кері қайтуға оқталғанымызда, ту сыртымыздан бес-алты атты шауып жетіп, соққының астына ала жөнелді.

Жылқылардың жас құмалағын байқастанға жылқышы:

– Олар ұзап кеткелі бес-алты сағат. Шамамен Қызылсайға тұмсық іліктіріп алды. Басқа бағыттың бәрі жазық алқап, – деп сауатты пайым білдірді.

– Онда не тұрыс?!...

Оперативті топпен рация арқылы байланысқа шыққан Қасымханов Қызылсайдың алдын тосуды қадап тапсырды. Барымташылар бес-алты сағат ішінде Қызылсайдан өтіп кетсе, Қырғыз асып кетуі әбден мүмкін. Онан соң ағайындық дау-дамайға ұласып кетуі де ғажап емес. Қырғыздардан қарақшылар қайтарылғанша, қадым уақыт қарыштап кетері тағы бар. Қарақшы топ қарулы болуы да бек мүмкін. Сол себепті ерекше мақсаттағы жауынгерлерді де жасақтап алған жөн деп ескертілді.

\*\*\*

Бассыз барымташылар шынымен тау бөктерлеп қиялай қайырып, шекаралы аймақтағы Қабансай шатқалына бой тасалауға ұмтылды. Қас қарайғанша бөктерлерден жылқыларды аман-сау өткізсе, ар жағы – жеңіл асу. Шаруа тәмам. Келісілген ақыны алып ізім-ғайым жоқ болуды ғана көксеп келеді. Ішіндегі ірі денелі, сом білекті сотқардың тақымына қысқан қосауызының ұңғысы үңірейіп үрей шақырып тұрғандай еді. Өңгесінің белінде қысқа дүмбілі шолақ мылтық сандарын соғып салаңдап келеді. Бес басбұзардың басшыларынан алған қатал тапсырма – Қабансай арқылы асудан өтсе, әр жақтан қырғыздар күтіп алмақ. Басқашуа өзгенің бас қатырар ісі. Келісілген құнның жарымы алдын-ала өтеліп те қойған. Бұл іске ұрылар тұмсық тыға алмайды. Ендігі ойлар қырғыз сыбайластармен ары өтіп, көлікке мініп айналма жолмен елге қайту. Алайда шұғыл іс-әрекетте полиция олардың орынсыз армандарының алдын орап кеткендерінен хабары жоқ еді...

\*\*\*

Қасымханов басқарған шұғыл оперативті топтың жедел тұтқындау қызметкерлері арнаулы жол талғамайтын көліктермен Қабансайдың етегінде бекітілген нүктелерге орналасып та үлгерген болатын.

Ет пісірім уақыттан соң жылқылардың шұбырған шаңы көзге шалынды. Олар Қабандының қақпасына тұмсық іліктіре қоршауда қалғандарын кеш бағамдап қалды. Барымташылардың басы болып келе жатқан ірі денелі «Көксоққан» қосауызды қайда бағыттарын біле алмады. Ол атын борбайлата қия бетке шапқанымен, шалт қимылды әбжіл топ адым аштырмады. Пышырап қай бағытқа тізгін жіберерлерін біліп болмады. Автоматтан әуеге дүркін-дүркін атылған оқ оларды ат үстінен аударылып етпеттеп жерге жатуға мәжбүрледі...

Жылқылар тиісті аумаққа жеткізіліп, арнайы қораға қамалғанымен, қолға түскендер тегіс Қосөзен ауданына әкетіле бастады.

Қасымханов барымташыларға жеке қылмысты іс ашуға кірісті. Ұрлық қылмысы бойынша қолға түскен «алтылықтың» артында қалайда қаржылы топ бары онсыз да мәлім еді. Қасымхановтың басын қатырғаны, егер де бұлар құр барымташы ғана болса, істің құрдымға кеткені. Тапсырыс берген де, тапсырманы берген адам да ізім-ғайым болары сөзсіз...

Барымташы топ «лидері» «Көксоққаннан» алынған сұрақ жауап ешбір нанымды фактіге арқау бола алмады. Өрнегі бір шалып қырғыздарға қарыз есебінен мал айдап жеткізуге келіскенін келістіре айтқанымен, тергеу ісіне нақты жауап болып тіркелмеді. «Көксоққан» көрші елге жеткізбек болған жылқыларды күтіп алмаққа әрекеттенген қырғызстандық күдіктілер сол жақта тұтқындалды. Қырғызстандық сақшылар берген мәліметте Сабиров дегеннің дерегі қылаң берді. Ол Қазақстан жақтан мал өткізбекке уағдаласып, ақшаны қырғыз банкінде қалдыруға келісім берген болып шықты.

\*\*\*

Мұратқали Сабиров пен Қажымұрат Қабаев деген екеудің дерегі су бетіне қалқып шыққан қалтқыдай бірте-бірте айқындала бастады. Барымтаға барғандардың басым көбі осы екеудің айтағымен жылқы ұрлағандарын айғақтап берді. Қасымханов қалайда Ақтоғайдағы күдіктілердің пәтеріне қарауыл қоюды, кезі келсе тұтқындауды қолға алуға кірісті. Қанша қырағы бақылау орнағанымен, күдіктілер төбе көрсетпеді. Араға апта салып тыңшылардың берген мәліметі бөтен екеудің көрші Қосөзен жақта өзге біреудің үйін жалға алып, «жантайып» жатқанын мегзеді.

Қабылжанды өздерімен бірге алып шыққан Қасымханов жетекшілік еткен шұғыл әрекет ету тобы күндіз бақылау орнатып, ет пісірім уақыттан соң тысқа шыққан мығым денелі кісіні көрсет-

кенде: «Дәл осы! Жаппардың үйінде көргенім...» деп көзі атыздай болған. Шұғыл тұтқындау тобы күдіктілерді еш қарсылықсыз бас-аяғы отыз минут ішінде қолға түсіріп, кісендеп алып кетті.

Ауданға әкелінген соң дәйекті дәлелдер мен айғақты заттар алдыға қойылып, беттестіру барысында Мұратқали мен Қажымұрат өз айыптарын біртіндеп мойындарына алған болатын. Алайда олардың арнайы есепшоттары бұғатталып, тексеру кезінде дәл Жаппар өлімінің соң көп ұзамай ірі сомадағы қаражат есептеріне аударылғаны расталды. Тиісті одорологиялық сараптау мен саусақ таңбалары сарабының қорытындысы дайын болған соң, олар жалтаруға еш себеп таба алмады.

– Бәрі ақшадан басталды. Жаппар маған көп сомада ақша қарыз еді. Жартысын қайтарғанымен, қалғанын жазып жіберді, – деді басын төмен тұқыртқан Сабиров, – Қайтаратынын білсек те, біз оның көп сомада ақшасы барына көз жеткізбекке түнделетіп үйіне жеттік. Әйелі екеуі бізге есік ашпаған соң, сол ауылда арақ сұрап жүрген Самат деген маскүнемді алдыға оздырдық. Дерееу оны Жаппардың үйіне жібердік. Ол мастығынан айықпаған күйі Жаппардың өзін алдаусыратып сыртқа шығарған сәтте лап қойдық. Бетперде киіп алған бізді тек сол Самат қана танып білді. Кейінірек оның өзін араққа у қосып өлтірдік. Сол түні ауласында Зураны да, Жаппарды да біздің баскесерлер бауыздап өлтірді. Үйді ұзақ тінте алмадық. Табылғанын алдық. Шамамен 20 миллион. Мүмкін басқа орынға тыққан болар.

– Ал мал жайғайтын кездікті неге өздерімен бірге алып кетпедіңдер?

Қасымханов отты жанарымен Мұратқалиға ұзақ тесілген. Қапелімде аузына сөз түспеген Сабиров:

– Ол кездікті резеңке қолғап киіп Жаппардың қанын жағып, арыққа лақтыра салдық.

– Қандай мақсатпен?...

– Себебі қасапшыны күдікке іліктіріп, із жасырармыз деген үміт басым болды.

– Түсінікті. Ал өз сыбайластарың тек екеуінің тапсырмаңмен әрекет еткенін жоққа шығармайсыңдар ғой?.

– ....

– Ал жылқылар Жаппардың өзіне тиесілі мал екенін біле тұра, нәліктен тағы бір қылмысқа қадам бастыңдар?

– Бұл менің жеке тапсырмам... Мұратқали мүдіріп барып сөзін қайта жалғайды:

– Қырғызстандағы досым Бейшенен он мың доллар қарызға ақша алып, қайтарымы ретінде мал айдап әкеп беруге уәде еткен болатынмын.

– Бейшен де ұсталды. Оның банк есепшоттары толық бұғатталды. Сіздің де астыртын шоттарыңыз анықталды...

Мұратқали басын төмен салған күйі жудырығын түйіп тергеушіге тіке қарамастан:

– Бұл біздің маңдай термен тапқан бизнесіміздің ақысы, – деді тұтығып.

– Сонда сіз біреудің маңдай терімен тапқан нәпақасын қанмен тартып алғанды бизнес деп түсінесіз бе?

– Бұл – өмір, бастық. Кім күшті, сол жеңеді...

– Жоқ, айыпталушы! Сіздің өмір ол. Біздің өмір адал еңбектен тұрады...

– Басқа сауалыңыз жоқ па? – деген Мұратқалиға ұзақ тесілген Қасымханов:

– Ендігі сауал сот залында болады, Сабиров мырза! – деп қара папкасын тарс жапты.

\*\*\*

Келесі тәулікте Қабылжан Қайнарұлының үйіне соққан Қасымханов оның заңсыз қамақта ұсталғанына байланысты ақталғаны туралы сот шешімін қолына ұстатқанда, ұзақ үнсіз отырған ол еңкілдеп жылап жіберді. Қабылжан Жаппар өлгенде бұлығып, қыстығып жылай алмағанын енді сезді. Көз алдына келген Жаппар бейне мығынан ұстап сабырға шақырғандай еді... Еріксіз өн бойы дір еткен ол жасты көзін ашқанда, Қасымханов оған басу айтып тұрған болатын...

**Арман ЖУСАНБАЙ**